

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША 5,6 СЫНЫПТАРДЫҢ БЖБ ТАПСЫРМАЛАРЫН “CLASSTIME” ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

Әдістемелік құрап



Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
«№1 арнайы мектеп - интернат» КММ
Қарағанды қаласы «№66 мектеп - лицейі» КММ

КЕЛІСІЛДІ
«№1 арнайы мектеп - интернат»
КММ директоры
 М.М. Плетенова
« 25 » 05 2025 жыл

БЕКІТЕМІН
«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
басшысы
 Б.Х. Абдикерова
« 29 » 05 2025 жыл

КЕЛІСІЛДІ
Қарағанды қаласы
«№66 мектеп - лицейі» КММ директоры
 М.М. Мисирова
« 25 » 05 2025 жыл

Әдістемелік құрал

«Информатика пәні бойынша 5, 6 сыныптардың
БЖБ тапсырмаларын «CLASSTIME» платформасы арқылы
оқушылардың білімін бағалау»

Құрастырушылар:

«№1 арнайы мектеп-интернат» КММ информатика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы Т.С.Нурмағанбетов

«№66 мектеп-лицейі» КММ информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Н.К.Мукашева қолы

Пікір жазушылар:

Д.А.Казимова, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қолданбалы математика және информатика кафедраның профессоры, пед.ғ.к.

А.Б. Кельдибекова, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің Қолданбалы математика және информатика кафедрасының философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор

М.С.Ахметова, Қарағанды қаласының «№27 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ информатика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, информатика ғылымдарының магистрі.

«№1 арнайы мектеп-интернат» КММ әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № 5 « 15 » 04 20 24 жыл

Хатшы:

Бастауыш пәнінің мұғалімі С.А.Яковлева

«№66 мектеп-лицейі» КММ әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № 2 « 18 » 04 20 24 жыл

Хатшы:

Қазақ тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімі М.М.Айнабаева қолы

Облыстық Эксперттік Кеңеспен ұсынылады

Хаттама № 8 « 29 » 05 20 25 жыл

Хатшы: А.З.Мухамедьярова қолы

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы басшылыққа ала отырып, «Информатика пәні бойынша 5, 6 сыныптардың БЖБ тапсырмаларының classtime платформасы арқылы оқушылардың білімін бағалау» әдістемелік құрал әзірленді. Бұйрық негізінде келесі тармақтар басшылыққа алынды:

1) бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі;

2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;

6) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

9. Сабақта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындайды.

БЖБ үшін максималды балл 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

10. БЖБ қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген, сондай-ақ оқу тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеуі есептелмейді, мінез-құлқы үшін балдар төмендетілмейді.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

15. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді.

20. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып педагогтер дербес дайындайды.

23. Білім алушылар жиынтық бағалау өткізу күні объективті себептерге байланысты (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырады.

34. Білім алушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директордың қолымен және мектеп мөрімен расталып, білім алушының жеке іс қағазымен беріледі.

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған "Информатика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді.

«Информатика» оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

Мақсаты:

Информатика пәні мұғалімдеріне оқушылардың білім сапасын объективті бағалауға ықпал ететін әдістемелік ұсыныстар мен практикалық әдістемелерді ұсыну.

Міндеттері:

- ✓ Оқу бағдарламасына және бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар дайындау;
- ✓ Әр бөлім бойынша оқушылардың білімін объективті бағалауға мүмкіндік беретін тапсырмалар жинағын жасау.
- ✓ Тапсырма жүктеу, тест өткізу және оқушылардың нәтижесін автоматты бағалау функцияларын пайдалану.

Өзектілігі:

Цифрлық білім беру дамып жатқан қазіргі кезеңде оқушылардың білімін тиімді, жедел және объективті бағалау – маңызды талап.

Classtime платформасы арқылы БЖБ өткізу:

- ✓ мұғалім жұмысын автоматтандырады;
- ✓ оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады;
- ✓ бағалау сапасын жақсартады;
- ✓ оқу процесін заманауи форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс – білім сапасын арттырудың, уақтылы және әділ бағалаудың заманауи шешімі.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ 5,6 сыныптарға арналған БЖБ тапсырмалары Classtime платформасына бейімделіп әзірленді;
- ✓ Оқушылардың білімін бағалаудың сапасы мен объективтілігі артады;
- ✓ Мұғалімдердің цифрлық платформалармен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі;
- ✓ Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен цифрлық сауаттылығы артады;
- ✓ Classtime платформасын қолдану арқылы уақытты үнемдеп, бағалау үдерісі автоматтандырылады;
- ✓ Жоба нәтижесі басқа пән мұғалімдеріне де цифрлық бағалау тәжірибесін енгізуге үлгі бола алады.

Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттары көрсетілетін бөлімшелерге бөлінген: дағды, білім.

Classtime платформасы арқылы 5, 6 сыныптардың информатика пәні бойынша БЖБ (Бөлім бойынша жиынтық бағалау) тапсырмаларын құру мен оқушылардың білімін бағалауды ұйымдастыру тиімді әрі ыңғайлы әдіс болып табылады.

Classtime қолдану арқылы мұғалімдер келесі мүмкіндіктерге ие болады:

1. **Әр түрлі сұрақ түрлері:** Мұғалімдер көп таңдаулы сұрақтар, дұрыс/қате сұрақтар, ашық сұрақтар, сәйкестендіру және басқа да тапсырмаларды құра алады.
2. **Тапсырмалардың автоматты тексерілуі:** Бұл мұғалімдерге уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді, өйткені жауаптар автоматты түрде тексеріледі.
3. **Нәтижелерді талдау:** Classtime арқылы мұғалімдер оқушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелерін жеңіл талдай алады. Мұнда әр оқушының көрсеткіштері бойынша статистика ұсынылады.
4. **Тікелей кері байланыс беру:** Мұғалімдер оқушыларға тапсырмалар кезінде немесе соңында кері байланыс бере алады.
5. **Оқушылардың прогресін бақылау:** Платформа мұғалімдерге оқушылардың уақыт ішінде даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Тест құрастырумен шектеліп қана қоймай, оны оқыту процесіне интеграциялауды жоспарлауға да болады, Classtime – тиімді құрал болып табылады. Онымен оқу үрдісін қызықты әрі интерактивті етуге болады.

Тапсырмаларды ұйымдастыру үшін келесі қадамдарды орындауға болады:

1. Платформамен танысу

Classtime платформасын қолдану алдында оның барлық функционалдарын зерттеп, оқушылардың жұмыстарын бағалауға арналған құралдарына (мысалы, тестілер, сауалнамалар, тапсырмалар) толық меңгеру қажет. Бұл тапсырмаларды әзірлеу, басқару және нәтиже жинау үшін қолайлы орта қалыптастырады.

2. Мазмұнды құру

Информатика пәні бойынша әр сыныптың оқу жоспарына сәйкес БЖБ тапсырмаларын құру керек. Мазмұнды анықтау кезінде:

5-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) «Компьютердің құрылғылары». Ақпараттың цифрлық тасымалдаушылары;
- 2) «Компьютерлік желілер». Ортақ файлдармен жұмыс (орналастыру, редакциялау, жүктеу);
- 3) «Ақпаратты ұсыну және өлшеу». Ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну. Байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштары. Мәтіндік ақпаратты кодтау. Ақпараттың екілік көрінісі;
- 4) «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру». Мәтіндік редактор: беттің параметрлері, алдын ала қарау. Компьютерлік графика: растрлық кескіндерді жасау және өңдеу, векторлық суреттер жасау және өңдеу, растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктері;

- 5) «Программалау». Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау. Роботты көрсетілген градусқа бұру. Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигі. Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчик;
- 6) «Робототехника». Роботты анықтау. Робот түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салалары. Робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктерінің мысалдары. Гироскопиялық датчик, жұмыс істеу принципі;
- 7) «Эргономика». Қауіпсіздік техникасының ережелері.
- 8) «Ақпараттық қауіпсіздік». Біреудің жұмысын көшірудің заңсыздығы. Құжаттарға арналған пароль.


6-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) «Компьютердің құрылғылары». Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютерлік негізгі құрылғылардың әрекеттестігі;
- 2) «Программалық қамтамасыз ету». Операциялық жүйелердің негізгі функциялары. IDE (ай ди и) (Integrated Development Environment (интегрейтед девелопмент энвайронмент)) интерфейсінің мүмкіндіктері;
- 3) «Компьютерлік желілер». Сымсыз байланыстың артықшылықтары;
- 4) «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру». Мәтіндік құжаттардағы сілтемелерді ұйымдастыру. Сілтемелер. Гиперсілтемелер. Мазмұны. Реферат құру;
- 5) «Модельдеу». 3D-модельдер қолдану мысалдары. 3D-редактордың мүмкіндіктері. 3D-редакторының графикалық примитивтерді құруға арналған құралдары. Айналу денелерін құру және түрлендіру. 3D-редактордағы объектілердің модельдері. Басып шығару үшін 3D-үлгіні экспорттау. 3D-баспаны баптау;
- 6) «Алгоритмдер». Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдер.
- 7) «Программалау». Бағдарламалау тілінің алфавиті және синтаксисі. Мәліметтер типтері;
- 8) «Эргономика». Эргономика міндеттері (барынша жайлылық пен тиімділік үшін);
- 9) «Ақпараттық қауіпсіздік». Интернетке тәуелділіктің проблемалары. «Авторлық құқық», «плагиат» ұғымдары. Авторға сілтеме жасайтын ақпаратты сақтау.

3. Тапсырмаларды әзірлеу

Classtime платформасында әр түрлі тапсырмаларды жасауға болады:

- Көп таңдаулы сұрақтар;
- Қысқа жауап;
- Құрама тапсырмалар;



4. Бағалау критерийлері

Әр тапсырма үшін бағалау критерийлерін алдын ала белгілеу маңызды. Бұл критерийлер арқылы мұғалім оқушының дұрыс жауап беру деңгейін, тапсырманы орындау жылдамдығын, сондай-ақ креативті ойлау және аналитикалық қабілеттерін бағалай алады.

Моя Библиотека > 5 сынып > БЖБ 4 тоқсан

Эта группа вопросов доступна только Вам. Опубликуйте, чтобы сделать ее публичной. [Добавить в Публикации БЖБ](#)

№	Сұрақ	Балл
1	Заманауи цифрлық құрылғылар-----	3 балл
2	Ақпарат тасымалдағыштар	3 балл
3	Компьютердің деңсаулыққа кері әсерлеріне мысал келтір	3 балл
4	Сөнімді пароль құрастырудың 3 ережесін жаз	3 балл
5	Құжатта пароль сою алгоритмін талпытырып жаз	3 балл

Суретте көрсетілгендей, 5 сұрақ, әр сұрақтың қанша ұпай болатыны көрсетілген.

5. Оқушылардың нәтижелерін бақылау

Classtime платформасы оқушылардың нәтижелерін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімге оқушылардың әлсіз және күшті жақтарын тез анықтап, қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Сортировка по Name

Options 13 баллов

Оқушы	✓	13 баллов	1	2	3	4	5	6	7
Айша	✓	11.00	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Арсабай	✓	9.00	✓	✓	✓	✓	✗	✗	✓
Аруна	✓	11.00	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Валера	✗	11.00	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Влад	✓	11.00	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Гаерин Сергей	✓	9.00	✓	✓	✓	✓	✗	✗	✓
Жумабаева Аделя	✓	10.00	✓	✓	✓	✓	✗	✓	✓
Илья Пискунов	✓	9.00	✓	✓	✓	✓	✗	✗	✓
Кочетова Мария	✓	11.00	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Манасбай Берик	✓	11.00	✓	✗	✓	✓	✓	✓	✓
Понамарева Полина	✓	11.00	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✗
Романовский Давид	✓	7.00	✓	✓	✓	✓	✗	✗	✗

6. Анализ және кері байланыс

Тапсырмаларды орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға өз нәтижелері туралы кері байланыс беруі қажет. Classtime платформасы оқушылардың нәтижелерін егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді, бұл білім деңгейін одан әрі көтеруге көмектеседі.


Бұл әдіс оқушыларға бағалаудың әділ әрі объективті тәсілін ұсынады және мұғалімге әр оқушының білім деңгейін тиімді бағалауға мүмкіндік береді.

1. Платформамен танысу

Classtime — бұл оқушылардың білімін бағалау және сабақ барысында белсенділігін арттыру үшін қолданылатын платформа. Мұғалімдер тесттер, сауалнамалар және жаттығулар жасай алады, ал оқушылар тапсырмаларды орындап, өз нәтижелерін шынайы уақытта көре алады. Classtime – бұл оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін қолданылатын онлайн платформа. Мұғалімдер Classtime-ды оқушылардың білімін тестілеу және бағалау мақсатында жиі пайдаланады. Бұл платформа тест құрастырудың әр түрлі әдістерін ұсынады, соның ішінде сауалнамалар, викториналар және тапсырмалар.

Мұғалімдерге Classtime платформасына қолдану жолдары:

1. <https://www.classtime.com/ru> сілтемесі бойынша өтіп, «Мұғалімдерге» батырмасын басу арқылы жүйеге кіреміз.



← → ↻ 🏠 🌐 classtime.com/ru ☆ 📁 📄 📄 Подте

Classtime ПРЕДЛОЖЕНИЯ РЕСУРСЫ 🌐 Русский ▾ Вход Для Учителя

Ваш путь к успеху учеников


Classtime - это инструмент для учителей, который помогает мгновенно оценить прогресс класса и каждого ученика индивидуально.

Учителям


Начните сейчас

Ученикам


Введите код сессии **Присоединиться**



2. Жүйеге кіру үшін екі әдіс бар: пайдаланып жүрген google аккаунт арқылы немесе жаңа пайдаланушы ретінде **Create new account** батырмасы арқылы тіркелу.



3. Жүйе терезесімен танысу:



- 1- Менің кітапханам- әр сыныпқа арналған жиынтық бағалау тапсырмалар топтамалар жиынтығы;
- 2- Сессии – оқушылардың жиынтық тапсырмаларын орындау нәтижелері;
- 3- Классы - оқушыларды сыныптарға бөлуге болады;
- 4- Жаңа сұрақтар топтамасын құру.
- 5- Жаңа бума құру батырмасы;
- 6- Себет – жойылған тапсырмалар, бумалар сақталады;
- 7- Сыныптар бойынша құрылған жиынтық тапсырмалар.

5 сынып оқушыларына жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Ақпаратты ұсыну» бөлімі бойынша жиынтық бағалау11

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Компьютерлік графика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....12

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Робототехника» бөлімі бойынша жиынтық бағалау13

«Роботтардың жарысы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....14

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Компьютер және қауіпсіздік» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....15

6 сынып оқушыларына жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Компьютерлік жүйелер мен желілер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....16

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«3D баспа» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....17

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«PYTHON тілінде программалау» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....18

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Мәтіндік құжатпен жұмыс істеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....19

2. Тапсырмаларды әзірлеу

Classtime платформасында әр түрлі тапсырмаларды жасауға болады:

5 сынып оқушыларына жиынтық бағалауға арналған тапсырмалары

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН
ТАПСЫРМАЛАР

«Ақпаратты ұсыну» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	5.2.1.1 әртүрлі ақпараттың мысалдарын келтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну; 5.2.1.2 байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштарының мысалын келтіру; 5.2.1.3 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау; 5.2.1.4 компьютерге арналған барлық ақпарат екілік түрінде ұсынылғанын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіздік техника ережелерінің бұзылуын анықтайды және салдарын сипаттайды • Қызметі бойынша құрылғыларды анықтайды <p>Жоғары деңгей дағдылары</p>
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Біздің айналамыздағы ақпарат беру. Ақпарат Ақпараттық процестерді сәйкестендіреді	1	Суреттерді ақпараттар процестерімен сәйкестендіреді	6
	4	Файлдарды жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға орналастыру үшін орындалатын әрекеттер ретін көрсетеді.	4
	5	Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бума белгісін көрсетеді	1
Ақпаратты шифрлайды	2	Сөйлемді ашады.	1
	3	Сөздерді шифрлайды.	1
Барлығы			13

Session code:

QR code:



«2-ТОҚСАН ЖИНАҚТЫ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ

5.2 А бөлімі бойынша жиынтық бағалау. Компьютерлік графика

Оқу мақсаты

5.2.2.2 растрлық кескіндерді құру және өңдеу

5.2.2.3 векторлық кескіндерді құру және өңдеу

Ойлау деңгейі Білім мен түсіну

Дағдыларды қолдану

Орындау уақыты 20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Оқушы	
Компьютерлік графиканың түрлерін анықтайды	1	растрлық және векторлық графиканы көрсетеді	1
		Векторлық графика түсінігін анықтайды	1
		Растрлық графика ұғымын анықтайды	1
Paint редакторының құралдарының мақсатын анықтайды	2	№1 құралдың мақсатын жазады	1
		№2 құралдың мақсатын жазады	1
		№3 құралдың мақсатын жазады	1
Векторды өңдеу пәрмендерін анықтайды	3	1 сызбаға қолданылатын пәрменді анықтайды	1
		2-ші сызбаға қолданылатын команданы анықтайды	1
	4	дұрыс нұсқаны көрсетеді	1
	5	жетіспейтін сөзді енгізеді	1
	Всего баллов		

Session code:

PFEKJ9

classtime.com

code

Join



QR code:



0 учеников онлайн

«3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Робототехника» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары	<p>5.3.4.1 робот анықтамасын тұжырымдау;</p> <p>5.3.4.2 Роботтардың түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салаларына мысал келтіру;</p> <p>5.3.4.3 робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктеріне мысалдар келтіру;</p> <p>5.3.4.4 гироскопиялық датчик жұмыс істеу принципін түсіндіру;</p> <p>5.3.3.1 роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін бағдарламалар жасау;</p> <p>5.3.3.2 роботты көрсетілген градусқа бұру үшін бағдарламалар жасау;</p>
Бағалау критерийі	<p>Білім алушы</p> <p>робот анықтамасын тұжырымдайды; роботтардың түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салаларына мысал келтіреді; робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктеріне мысалдар келтіреді;</p> <p>гироскопиялық датчик жұмыс істеу принципін түсіндіреді;</p> <p>роботты көрсетілген градусқа бұру үшін бағдарламалар жасайды.</p>

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану


Орындау уақыты

20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Робот түрлері және оларды қолдану Робототехника тарихы және перспективалары	1	«Робот» сөзін алғаш рет кім қолданды	1
	2	Роботтардың түрлерін анықтайды:	2
	3	роботтардың буындарын анықтайды	3
Гироскопиялық датчик		Гироскопиялық сенсорды анықтайды	1
	4	гироскопиялық сенсордың режимдерін көрсетеді	3
	5 6	Түс режимінде қанша түсті дәл анықтайды? Жауабыңызда мөлшерді жазыңыз.	1
Бұрылыстар	7	Суретке қарап бағдарламаны анықтайды	2
Барлығы			13

Session code:

QR code:



«3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Роботтар жарысы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

- Оқу мақсаттары** 5.3.3.3 робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану;
5.3.3.4 объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану;
5.3.3.3 робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану;
- Бағалау критерийі** **Білім алушы**
робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолданады;
объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану;
- Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары
- Орындау уақыты** 20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
Роботтың сызық бойымен қозғалысы	1	Роботтың жарыстарын анықтайды	2
	2	Сызықтарды жүріп өтуге жұмсалатын уақытты көрсетеді	1
	3	Датчиктің түрлерін жазады	1
	4	Түс датчигі анықтамасын айқындайды	1
	5	Сызық бойымен қозғалатын роботқа қандай талаптар қойылады	1
	6	Түс датчигі қанша түсті танитыны жазады	1
	7	Бір түс датчигі бар роботтың сызық бойымен қозғалу алгоритмін жазады	1
Робо-сумо	8	Робо-сумо робот жарысының мақсатын көрсетеді	1
	9	Суреттегі 180 градустағы роботтың іс - әрекетін анықтайды;	1
	10	Суреттегі 360 градустағы роботтың іс-әрекетін анықта	1
	11	Суреттегі роботтың іс - әрекетін анықта	1
Барлығы			12

Session code:

QR code:

BR8USH



4 ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

«Жобаны құру және таныстыру» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқыту мақсаты 5.2.2.1 құжатты баспаға дайындау (парақ өлшемдерін өзгерту, бет өлшемдерін қою, алдын ала көру)
5.3.1.1 Ойын ортасындағы программалау кезеңінде (Лого, Scratch) нысандар мен оқиғалардың анимациясын құру

Бағалау критерийі Білім алушы

Құжатты баспаға дайындау параметрлерін орнатады
Анимация мен оқиғаларды қолданып скрипт құрады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Құжатты баспаға дайындау параметрлерін орнатады	1	хабарламаның пайда болу себебін көрсетеді;	1
		құжатты баспаға жіберу жолын анықтайды;	1
Анимация мен оқиғаларды қолданып скрипт құрады	2	сахнаны орнатады;	1
		спрайттарды орнатады;	1
		Спрайттарға киімдер орнатады;	1
		нысандар анимациясы үшін командаларды қолданады;	1
		оқиғалар анимациясы үшін командаларды қолданады.	1
Барлығы			7

Session code:

T7XE5K

classtime.com

code

Join



QR code:



6 сынып оқушыларына жиынтық бағалауға арналған тапсырмалары

**1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН
ТАПСЫРМАЛАР**

«Компьютерлік жүйелер мен желілер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	6.4.1.1 Эргономика міндеттерін ойластыру және шешу (жоғары деңгейде және тиімді болу үшін) 6.1.1.1 Есептеу техникасының дамуының тарихы мен перспективасы жөнінде әңгімелеу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Эргономика міндетін анықтайды • Есептеу техникасы буындарына сәйкес құрылғыларды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Орындау уақыты	Қолдану 20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Компьютермен жұмыс кезінде эргономика заңдылықтарын ұстанады	1	эргономика ұғымын анықтайды;	1
	2	эргономика ережесі сақталмаған екінші әрекетті анықтайды;	1
		эргономика ережесі сақталмаған үшінші әрекетті анықтайды;	1
Есептеу техникасының даму тарихын сипаттайды	3	II буын компьютерлерінің негізін анықтайды	1
		III буын компьютерлерінің негізін анықтайды	1
		IV буын компьютерлерінің негізін анықтайды	1
	4	құрылғылардың шығу ретін анықтайды;	1
	5	Электронды есептеуші машиналар буынын көрсетеді;	1
		буын негізін анықтайды.	1
Барлығы:			9

Session code:

QR code:

8HF3QN



2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

6.2А бөлімі бойынша жиынтық бағалау - 3D – басып шығару

Оқу мақсаты

- 6.3.1.1 3D модельдерді қолдану мысалдарын келтіру;
- 6.3.1.2 3D редакторының мүмкіндіктерін сипаттау
- 6.3.1.3 3D-редакторының графикалық примитивтерді құруға арналған құралдарын пайдалану
- 6.3.1.4 Айналу денелерін құру және оларды түрлендіру;
- 6.3.1.5 3D-редактордағы объектілердің модельдерін құру.

Ойлау дағдысының деңгейі: Білім мен түсіну, қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

Бағалау критерийі	№ задания	Дескрипторлар	Балл
		Оқушылар	
2D және 3D үлгілерінің сипаттамаларын анықтайды	1	кескіннен 2D және 3D үлгісін анықтайды	1
		2D және 3D үлгілері арасындағы айырмашылықтарды сипаттайды	1
3D редакторының мүмкіндіктерін сипаттайды	2	бірінші жетіспейтін сөзді енгізеді	1
		екінші жетіспейтін сөзді енгізеді	1
SketchUp өндегіш құралдарының мақсатын анықтайды	3	1 құралдың мақсатына сәйкестігін белгілейді	1
		мақсатына 2 құралдың сәйкестігін белгілейді	1
		мақсатына 3 құралдың сәйкестігін белгілейді	1
		мақсатына 4 құралдың сәйкестігін белгілейді	1
Үш өлшемді модельдерді модельдеу үшін 3D редакторының құралдарын пайдаланады.	4	жалпақ фигураны 3D үлгісіне түрлендіру құралын таңдайды.	1
		таңдалған құралдың мақсатын сипаттайды.	1
	5	үлгі жасау үшін құралдарды таңдайды оларды дұрыс ретімен жазады	1
Всего баллов			12

Session code:

QR code:

ZIKTH8

▶ classtime.com

▶ code

Join



3-ТОҚСАН ҮШІН ЖИНАҚТЫ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ

6.3.A Python тілінде бағдарламалау бөлімі бойынша жиынтық бағалау.

Оқу мақсаттары

6.1.2.2 IDE (Integrated Development Environment) интерфейсінің мүмкіндіктерін пайдалану.

6.3.2.1 Python тілінде сызықтық алгоритмдерді жазу (Python)

6.3.3.1 Деректер түрлерін жіктеу

Бағалау критерийі білім алушы:

- IDE интерфейсінің мүмкіндіктерін пайдаланады
- Python тілінде сызықтық алгоритмдерді жазады
- мәліметтер типтерін жіктейді

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну, қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Оқушы	
IDE интерфейсінің мүмкіндіктерін пайдаланады	1	Python тілінің алфавитінің құрамдас бөліктерін тізімдейді	1
	2	input() операторының мақсатын жазады int(input()) операторының мақсатын жазады	1 1
Деректер түрлерін жіктейді	3	1 айнымалының деректер түрін анықтайды	1
		2 айнымалының деректер типін анықтайды	1
		айнымалының деректер типін анықтайды 3	1
		4 айнымалының деректер түрін анықтайды	1
Python тілінде сызықтық алгоритмдерді жазады	4	программалық кодты орындау нәтижесін жазады	1
	5	программа кодының екінші жолын жазады	1
		программа кодының үшінші жолын жазады	1
		көбейтіндісі мен сандардың айырмасының нәтижесін жазады	1
Барлығы			11

Session code:

9HPMH5

▶ classtime.com

▶ code Join



QR code:



**4 тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар
«Мәтіндік құжатпен жұмыс істеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**

Оқу мақсаты 6.2.2.1 Сілтемелерді ұйымдастыру (гиперсілтемелер, мазмұн, атау, түсіндірме)

6.4.2.1 Авторлық құқық, плагиат ұғымдарын түсіндіру

6.4.2.2 Авторға сілтеме беру арқылы ақпаратты сүйемелдеу

Бағалау критерийі Білім алушы

- ✓ Құжатқа сілтемелерді, нұсқамаларды, гиперсілтемелерді қолданады;
- ✓ Сілтеме түрлерін салыстырады;
- ✓ Авторлық құқық және плагиат ұғымдарын қолдану аймағын көрсетеді;

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 20 минут

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Құжатқа сілтемелерді, түсіндірмелерді, гиперсілтемелерді қолданады	1	нұсқаманың қолдану мақсатын анықтайды;	1
	2	сілтемені қою әрекетін анықтайды;	1
	3	бірінші команданы анықтайды;	1
		үшінші команданы анықтайды;	1
		төртінші команданы анықтайды;	1
бесінші команданы анықтайды;	1		
Сілтеме түрлерін салыстырады	4	Сілтеме түрлерінің ұқсастығын анықтайды;	1
		Сілтеме түрлерінің айырмашылығын анықтайды;	1
	5	гиперсілтемені көрсетеді;	1
		гиперсілтеменің қолданылу мақсатын сипаттайды;	1
Авторлық құқық және плагиат ұғымдарын қолдану аймағын көрсетеді	6	авторлық құқықты қолдануға мысал келтіреді;	1
		плагиатты қолдануға мысал келтіреді.	1
Барлығы:			12

Session code:

QR code:

XFFDZW




Қорытынды

Бұл әдістемелік құралда 5-6 сынып оқушыларының информатика пәні бойынша білімін бағалау үшін **Classtime** платформасын тиімді пайдалану жолдары қарастырылды. Зерттеу барысында бұл платформаның білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ мұғалімдердің уақытын үнемдеуге ықпал ететіні анықталды.

Classtime платформасы арқылы БЖБ тапсырмаларын құру мен орындау кезінде:

- Тапсырмалардың әртүрлі форматта берілуі (тест, сәйкестендіру, ашық сұрақтар және т.б.) оқушылардың білімін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.
- Автоматты тексеру жүйесі мұғалімдерге бағалау үдерісін жеңілдетіп, оқу сапасын арттыруға ықпал етті.
- Оқушылардың белсенділігі артып, олар өз білім деңгейлерін уақытында талдап, кері байланыс алу мүмкіндігіне ие болды.



Диаграммада көрсетілгендей, үш жылда білім сапасы көтерілгені байқалады. Үш жылда 80,52 пайыздан 92,73 пайызға дейін көтерілгені көрсетіледі.

Қорыта келе, **Classtime** платформасын информатика сабағында қолдану – білімді бағалаудың заманауи, тиімді әдістерінің бірі екенін көрсетті. Бұл құрал мұғалімдерге бағалау жұмыстарын оңтайландырып қана қоймай, оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға да ықпал етеді.

Апробация мерзімі: 2023 жылдың қаңтар–мамыр айлары аралығы

Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары (жалпы саны – 84 оқушы)

Информатика пәні мұғалімдері – 2

Апробация барысы:

Апробация барысында мұғалімдер әр тарау немесе тақырып соңында Classtime платформасы арқылы оқушыларға қысқа тест тапсырмаларын ұсынды. Тест нәтижелері автоматты түрде бағаланып, оқушылар мен мұғалімдерге бірден көрініп отырды.

Талдау нәтижелері:

Критерий	Апробация алдындағы көрсеткіш	Апробация кезіндегі көрсеткіш
Орташа балл	67%	81%
Уақыт үнемдеу	20 мин (дәстүрлі әдіс)	7-10 мин (Classtime)
Қамтылған оқушылар саны	80%	100%
Оқушылардың қызығушылығы	Орташа	Жоғары
Кері байланыс алу жылдамдығы	1 күн	Бірден

Оқушылар мен мұғалімдердің пікірлері:

Оқушылар: «Сабақ қызықты өтті. Тест тапсырмаларын орындау оңай және жылдам болды.»

Мұғалімдер: «Classtime арқылы бағалау үдерісі әлдеқайда ыңғайлы әрі әділ өтті. Нәтижелерді жылдам талдап, саралап отыруға мүмкіндік берді.»

Қорытынды:

- ✓ Classtime платформасын қолдану;
- ✓ бағалау үдерісін автоматтандыруға;
- ✓ оқушылардың үлгерімін нақты әрі жедел бақылауға;
- ✓ оқу материалдарын меңгеру деңгейін анықтауға;
- ✓ оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты жеделдетуге мүмкіндік берді.

Ұсыныстар:

- ✓ Classtime платформасын информатика пәнінен басқа да пәндерге енгізу.
- ✓ Мұғалімдерге арналған оқыту семинарларын ұйымдастыру.
- ✓ Платформаны оффлайн және онлайн оқытуда тиімді қолдану әдістемесін әзірлеу.

«Информатика пәні бойынша 5,6 сыныптардың БЖБ тапсырмаларының classtime платформасы арқылы оқушылардың білімін бағалау» әдістемелік құрал құру барысында қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар:

Мұғалімдер үшін :

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
2. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 5-6 сыныптарға арналған информатика пәнінің оқу бағдарламасы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде БЖБ (Бөлім бойынша жиынтық бағалау) және ТЖБ (Токсандық жиынтық бағалау) өткізу ережелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 254 бұйрығы
4. «Информатика» 5-6 сыныптарға арналған оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтар(авторлары: Бөрібаев Б., Қараев Ж., Нұрбекова А.
5. «TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағы» , Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016ж., 126 бет
6. Батырханқызы Аисұлу – «Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын табысты қолдана алуын қамтамасыз ету» авторлық бағдарламасы, М. Әуезов атындағы мектеп-гимназиясы, Түркістан облысы, Арыс қаласы, 2023 ж.
7. BilimLand платформасы: <https://www.bilimland.kz/>
8. Джордж Сименс (George Siemens), Еңбегі: *Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age*, 2005ж.